

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аумағында аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидаттардың сайлаушылармен кездесуін өткізу үшін үй-жайларды ұсыну және үгіт-насихаттық баспа материалдарын орналастыру үшін орынды белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 21 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 қаңтарда N 3079 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы N 196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 15.06.2015 N 196 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28-бабы 4, 6-тармақтарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенка селолық округінің аумағында аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидаттар үшін үгіт-насихаттық баспа материалдарын орналастыру үшін 1-қосымшаға сәйкес

о р ы н **б е л г і л е н с і н .**

2. Шарттық негізде аудандық мәслихаттың депутаттығына барлық кандидаттардың сайлаушылармен кездесулері үшін үй-жай 2-қосымшаға сәйкес

ұ с ы н ы л с ы н .

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен

с о ң **қ о л д а н ы с қ а** **е н г і з і л е д і .**

Аудан әкімі

И. Турков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Жамбыл аудандық сайлау комиссиясының төрайымы Л. Топорова
2015 жылдың 22 қаңтары

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылдың 22 қаңтарындағы № 21 қаулысына 1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенка селолық округінің аумағында аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидаттар үшін үгіт-насихаттық баспа материалдарын орналастыру үшін орын

р/№	Селолық округтің атауы	Елді-мекеннің атауы	Үгіт-насихаттық баспа материалдарын орналастыру үшін орын
1	Благовещенка	Благовещенка селосы	"Благовещенка селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына іргелес аумақтағы ақпараттық стенд

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылдың 22 қаңтарындағы № 21 қаулысына 2-қосымша

Аудандық мәслихаттың депутаттығына барлық кандидаттардың сайлаушылармен кездесулері үшін шарттық негізде ұсынылатын үй-жайлар

р/№	Селолық округтің атауы	Елді-мекеннің атауы	Үгіт-насихаттық баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1	Благовещенка	Благовещенка селосы	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Благовещенка селолық округі әкім аппаратының "Благовещенка мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын ғимаратының мәжіліс залы